Пятимар ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының
№3 хаттамасы

Пятимар ауылы 2025 жылғы «03» шілде

Пятимар ауылының жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар мүшелерінің жалпы саны – 8. Қатысты – 5 (тіркеу парағына сәйкес).

Жергілікті қоғамдастық жиналысын ауыл әкімі Б.Рамазанов ашты.
Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы Н.Еркегулов жиналыстың төрағасы болып, Н.Адиетов хатшысы болып сайланды.

Күн тәртібінде:

1. Жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарын талқылау, бөлінген қаржыны игеру жолдарын келісу.

Б.Рамазанов отырысты аша отырып, орындалатын жұмыстарды мемлекеттік сатып алудың заңдылығын түсіндірді және құрылыс жұмыстарына арналған сметалық есепті таныстырды.

Сұрақтар қойылды, пікірлер тыңдалды.

Б.Рамазановтың баяндамасынан: «Ағымдағы жылы жаяу жүргіншілер жолын салуға Жаңақала аудандық мәслихатының шешімімен 4495,0 мың теңге бөлінді. Құрылыстың сметалық есебі ҚҚС-сыз 4815,3 мың теңге. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін келісуді сұраймын».

Ә.Сагинов жұмыстарды биылғы жылдың 25 тамызына дейін толық және сапалы аяқтауды талап етіп, мемлекеттік сатып алуды шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыруды ұсынды.

Б.Айтқалиев бірінші кезекте мектептің қоршалған аумағы мен мәдениет үйінің кіреберісіне дейінгі аралықты жалғай отырып, тротуар төсеу жұмыстарын алдағы кезеңдерде де жалғастыруды сұрады.

Күн тәртібіндегі мәселе жергілікті қоғамдастық мүшелерінің қатысуымен ашық түрде қаралып, дауыс беру арқылы шешілді.

Қарсы, қалыс болғандар жоқ.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының қатысушылары шешім қабылдады:

1. Жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын;
2. Сметалық құжаттамадағы жұмыс түрлері мен көлемі және мектеп ауласы мен мәдениет үйі аумағын жалғау жөніндегі ұсыныс мақұлдансын;
3. Осы шешімнің орындалуын қамтамасыз ету Пятимар ауылдық округі әкімі аппаратына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы Н.Еркегулов

Жиналыс хатшысы Н.Адиетов